

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕТТЕУ МАКРОЭКОНОМИЧЕСКОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ

МРНТИ 06.35.31

10.51889/3078-8579.2025.85.3.001

Э.О. Телагусова¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ұйымның қаржы ресурстарын басқару мәселелері теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеледі. Қаржы ресурстарының мәні, мазмұны, құрылымы, түрлері мен қалыптасу көздері әртүрлі экономист-ғалымдардың тұжырымдамалары негізінде салыстырмалы түрде талданып, олардың ұйым қызметіндегі маңызы ашылады. Автор қаржы ресурстарының тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар стратегиялық басқару құралы ретіндегі рөлін айқындайды. Мақалада қаржы ресурстарын басқару тәжірибесі мен ерекшеліктеріне назар аударылып, қазіргі нарықтық жағдайда оларды тиімді пайдаланудың өзекті тәсілдері ұсынылады. Сондай-ақ қаржы ресурстарының тиімділігін арттыруға бағытталған жоспарлау, болжау, бақылау және қайта бөлу құралдары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері ұйымның қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, инвестициялық белсенділігін күшейтуге және жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізеді. Бұл мақала қаржы менеджменті саласында ғылыми негізделген шешімдер қабылдау үшін теориялық база мен практикалық ұсыныстарды ұсынатын маңызды зерттеу жұмысы болып табылады. Ол болашақ зерттеулерге де негіз бола алады.

Түйін сөздер: қаржы ресурстары; басқару; жоспарлау; болжам; бағалау; бақылау; қаржылық тұрақтылық.

Телагусова Э.О. ¹

¹ Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

УПРАВЛЕНИЕ ФИНАНСОВЫМИ РЕСУРСАМИ ОРГАНИЗАЦИИ: ВОПРОСЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ

Аннотация

В данной статье всесторонне исследуются теоретические и практические вопросы управления финансовыми ресурсами организации. Анализируются сущность, содержание, структура, виды и источники формирования финансовых ресурсов на основе концепций различных экономистов, а также раскрывается их значение в деятельности организации. Автор подчеркивает, что финансовые ресурсы являются не только источником доходов, но и играют роль стратегического инструмента управления. В статье уделяется внимание практике и особенностям управления финансовыми ресурсами, а также предлагаются актуальные методы их эффективного использования в современных рыночных условиях.

Рассматриваются инструменты планирования, прогнозирования, контроля и перераспределения, направленные на повышение эффективности финансовых ресурсов. Результаты исследования способствуют укреплению финансовой стабильности организации, повышению инвестиционной активности и общей конкурентоспособности. Эта статья представляет собой важное исследование, которое предлагает теоретическую базу и практические рекомендации для принятия обоснованных управленческих решений в области финансового менеджмента и может служить основой для будущих исследований.

Ключевые слова: финансовые ресурсы; управление; планирование; прогноз; оценка; контроль; финансовая стабильность.

Telagussova E.O.¹

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

MANAGEMENT OF AN ORGANIZATION'S FINANCIAL RESOURCES: ISSUES OF THEORY AND PRACTICE

Abstract

This article provides a comprehensive study of the theoretical and practical issues related to the management of an organization's financial resources. The essence, content, structure, types, and sources of financial resources are analyzed based on the concepts of various economists, revealing their significance in organizational activities. The author emphasizes that financial resources are not only a source of income but also serve as a strategic management tool. The article focuses on the practice and features of financial resource management, offering relevant methods for their effective use in modern market conditions. Tools for planning, forecasting, control, and redistribution aimed at increasing financial resource efficiency are considered. The research results contribute to strengthening the organization's financial stability, enhancing investment activity, and overall competitiveness. This article represents an important study that provides a theoretical basis and practical recommendations for making informed managerial decisions in financial management and can serve as a foundation for future research.

Keywords: financial resources; management; planning; forecast; estimation; control; financial stability.

КІРІСПЕ.

Нарықтық экономика жағдайында ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігі тікелей олардың қаржылық ресурстарды қаншалықты тиімді басқара алатындығына байланысты.

Қаржы ресурстарын жеткілікті көлемде болып, оларды ұтымды пайдалана білген ұйым ғана бәсекелік ортада алға шығуға мүмкіндік алады. Алайда, қазіргі таңда қаржы ресурстарын басқару саласында теориялық және практикалық тұрғыда шешімін толық таппаған мәселелер әлі де кездеседі. Әсіресе, қаржы ресурстарының мәніне қатысты зерттеулерде бұл ұғымға берілетін түсініктердің бірізділігінің болмауы мен кей жағдайда бір-біріне қайшы келуі — ғылыми ортада талқылаулар туындатып отыр.

Қаржылық ресурстарды қалыптастыру — кәсіпорын қызметінің тиімділігіне, қаржылық тұрақтылығына және нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарына әсер ететін басты факторлардың бірі саналады. Қазіргі кезеңде отандық өндірістік кәсіпорындардың бірқатары күрделі қаржылық қиындықтарға тап болуына байланысты, бұл мәселенің өзектілігі арта түсуде.

Кәсіпорындағы қаржылық ресурстары, басқа барлық ресурстар түрін қалыптастырудың басты негізі болып табылады. Осыған орай, оларды тиімді басқару ұйымның нарыққа бейімделу мүмкіндігін арттыратын маңызды алғышарттардың бірі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің басты мақсаты – ұйым қаржы ресурстарының экономикалық табиғатын, құрылымын, маңызын және оларды басқарудың теориялық тұғырларын жан-жақты талдау. Сонымен қатар, қаржылық ресурстарды ұйымдастыру мен басқарудың қолданыстағы тәжірибесін зерттеу арқылы оны жетілдіру жолдарын айқындау көзделеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Бұл зерттеуде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріндегі мәліметтер негізге алынды. Қойылған ғылыми мақсаттарға қол жеткізу үшін бірнеше әдіс қолданылды. Атап айтқанда, қаржылық менеджмент саласындағы ғылыми көзқарастарды жинақтау және талдау, «қаржы ресурстары» түсінігінің тарихи дамуын қарастыру, сондай-ақ «қаржы ресурстары» мен «капитал» ұғымдарының түрлі авторлар ұсынған интерпретацияларын салыстыра зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, кәсіпорындардың қаржы ресурстарының көздерін — ішкі, тартылған және сыртқы ресурстарды — құрылымдық тұрғыда жүйелеу әдісі пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық базасы кәсіпорын деңгейінде қаржылық ресурстардың қалыптасу ерекшеліктерін жан-жақты талдауға, сондай-ақ олардың тиімді басқару жолдарын ұсынуға негіз болды. Бұл тәсіл зерттеудің теориялық және практикалық маңызын арттыра түсті.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАЛҚЫЛАНУЫ

Кез-келген ұйым үшін оның шаруашылық-қаржылық қызметін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету сұрақтары маңызды басқару объектісі болып табылады. Сондықтан біз зерттеуді **қаржы ресурстарының мәнін түсінуден бастаймыз. Ол үшін «қаржы ресурстарын қалыптастыру» және «қаржы ресурстары» анықтамаларын нақтылап алайық.**

Кәзіргі күнгі экономикалық әдебиеттерге сүйене отырып біз қаржы ресурстарына келесідей анықтама береміз, қаржы ресурстары немесе қаржы қорлары, бұл кәсіпорынның қолындағы, оның қаржылық міндеттемелерін орындауға, өндірісті қаржыландыруға бағытталатын ақша қаражаттарының жиынтығы болып табылады.

Қаржы ресурстары өндіріс барысын дамытуға, өндірістік емес сала объектілерін қолдауға және дамытуға, сондай-ақ резервтік қорларды қалыптастыруға бағытталады.

Кәсіпорын қызметін қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету – бұл өндіріс барысын қаржыландыру формаларының, әдістерінің және қағидаларының жиынтығы болып табылады.

Ал енді осы терминге әр түрлі экономистердің берген сипаттамаларын қарастырар болсақ олардың кейбірі қаржы ресурстарын шаруашылық жүргізуші ұйымның меншігіндегі ақша қаражаттары деп атайды. Бұл ретте ол «капитал» ұғымын бөліп көрсету қажеттілігін атайды, өйткені ол қаржы ресурстарының бір бөлігі болып табылады. И.Т. Балабанов «капитал» ұғымын былайша түсіндіреді: «Өндірістік-сауда процесінің дамуына бағытталған қаржы ресурстары – бұл капиталдың ақшалай нысаны» [2].

«Қаржы ресурстары – бұл мемлекеттің, кәсіпорындардың, коммерциялық ұйымдар мен мекемелердің иелігіндегі, шығындарды жабу және түрлі қорлар мен резервтерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын қаражаттар» [3].

«Ұйымның қаржы ресурстары – бұл табыстар мен сыртқы түсімдер түріндегі ақшалай қаражаттың бір бөлігі, ол қаржылық міндеттемелерді орындау және кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету бойынша шығындарды жүзеге асыру үшін арналған» [4].

Басақанда ғылыми әдебиеттерде «қаржы ресурстары» термині үш мағынада қарастырылады. Бірінші мағынасы – мемлекеттік деңгейдегі қаржы ресурстары, екінші – корпоративтік қаржылар деңгейі, ал үшінші – қаржы ресурстарының ұдайы өндірісі деңгейі. Қаржы ресурстарының табиғатын жақсырақ түсіну үшін екінші және үшінші мағыналарын қарастыру маңызды. Енді корпоративтік қаржыдағы қаржы ресурстарының маңызын қарастырып, ұйымдардың қаржы қызметі тұрғысынан оның құрамдас бөліктерін анықтайық [5].

Өндірістік ұдайы өндіріс әдісін ұстанатын зерттеушілер қаржы ресурстарын ұлттық өнім құрамындағы ақшалай формадағы элемент ретінде қарастырады. Бұл көзқарас, негізінен, қаржы ресурстарының қолдану салалары мен өнім құнындағы шектеулеріне ерекше мән береді. Алайда мұндай анықтамаларда қаржы ресурстарының ақша айналымының құрамдас бөлігі ретіндегі нақты сипаттамасы толық ашылмаған.

Мысалы, экономист М.В. Романовскийдің пікірінше, кәсіпорынның қаржылық ресурстары – бұл ұйымның түрлі қызмет бағыттарын жүзеге асыру үшін қажет активтерді қалыптастыру мақсатында шоғырландырылатын ақша көздерінің жиынтығы. Оның ішінде – ішкі табыс, жинақталған қаражаттар, капитал және басқа да қаржы түсімдері бар.» [6].

Ал Л.Н. Павлова болса, қаржы ресурстарын кеңейтілген ұдайы өндірісті қаржыландыруға бағытталған меншікті көздер ретінде қарастырады. Ол бұл қаражаттардың ағымдағы төлемдер мен міндеттемелерді орындағаннан кейін қалған еркін ақша түрінде көрініс табатынын атап өтеді. [7].

Басқада экономисттердің тұжырымынша, ұйымның қаржы ресурстары – бұл болашақ даму кезеңдерінде пайдалануға жоспарланған, ішкі және сырттан тартылған капиталдан тұратын қаржы жиынтығы. Бұл ресурстар нақты мақсаттар үшін жұмсалып, басқару процесінде тәуекел факторлары есепке алынады. [8].

Жалпылай айтқанда, кәсіпорынның қаржы ресурстары – бұл негізгі және айналым қаражаттарын құрумен қатар, өндірісті кеңейту мен бизнесті тұрақты қолдау үшін қолданылатын, ұйымның меншігіндегі және сырттан келетін қаржылық түсімдердің жиынтығы болып табылады [9].

Біздің ойымызша, қаржы ресурстарының табиғатын толық түсіну үшін алдымен қаржы ұғымының өз мәніне назар аудару қажет.

Қаржылық қатынастар бастапқыда қоғамдық өнімнің құнын бөлу кезінде, яғни ескі құн мен жаңадан жасалған құнның бөлінуі барысында қалыптасатыны белгілі. Жаңадан жасалған құн екі негізгі құрамдас бөлікке бөлінеді: қажетті өнімнің құны және қосымша өнімнің құны. Шаруашылық субъектісі деңгейінде бұл бөлініс өнім, қызмет немесе жұмыс сату нәтижесінде алынған табыс түрінде көрініс табады. Бұл табыстың құрылымында бірнеше негізгі элементтер бар: пайда, қосылған құн салығы (ҚҚС), жалақы, амортизациялық төлемдер және басқа да ақшалай түсімдер. Алынған табыс белгілі бір үлестерге бөлініп, осы бөлініс қаржылық қатынастар шеңберінде ақша ресурстарының қозғалысын қамтамасыз етеді.

Құнды бөлу мен қайта бөлу қаржы ресурстарының ерекше формасы болып табылатын ақша ағындарымен тығыз байланысты. Мұндай ресурстар мемлекеттің немесе жеке ұйымдардың табыстары, түсімдері және әртүрлі қаржылық аударымдар есебінен қалыптасып, оларды ұдайы өндірісті кеңейтуге, еңбекке ынталандыру жүйесін қалыптастыруға және қоғамдық қажеттіліктерді өтеуге бағыттайды.

Қаржы ресурстары – қаржылық қатынастардың материалдық негізін құрайтын басты элементтердің бірі [9].

Ұйымның бұл ресурстары, негізінен, өндірістік процесс барысында пайда бола бастайды, өйткені осы кезеңде жаңа құн жасалып, негізгі капиталдың тозған бөлігін қалпына келтіру жүреді. Дегенмен, нақты қаржылық ресурстар тек ұдайы өндірістің екінші сатысында – өнім өткізілгеннен кейін пайда болады. Сол кезде алынған табыс құрылымынан экономикалық мазмұнға ие нақты қаржы ресурстары бөлініп, мақсатты түрде пайдаланыла бастайды.

Жалпы алғанда, ұйымның қаржы ресурстары – бұл шаруашылық субъектінің иелігінде болатын және өндірісті кеңейтуге, қызметкерлерді материалдық тұрғыда қолдауға, қаржылық міндеттерді орындауға, сондай-ақ әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталатын қаражаттар жиынтығы.

Осындай көзқарас негізінде қаржы ресурстарын үш негізгі топқа біріктіруге болады:

1. **Меншікті және оған балама қаражаттар** – кәсіпорынның пайдасы, амортизациялық аударымдар, тұрақты пассивтер;

2. **Қаржы нарығы арқылы тартылатын ресурстар** – акциялар мен облигациялар сату, несие және инвестициялық қаражаттар;

3. **Қайта бөлу жолымен алынатын қаражаттар** – сақтандыру ұйымдарының төлемдері, бюджеттен бөлінетін қаржы, сондай-ақ жоғары тұрған құрылымдардан алынатын қаржылық қолдау.

Келесі кестеде қаржы ресурстарын топтастырып, көрсетеміз.

1-кесте – Ұйымның қаржы ресурстарының топтары

№	Қаржы ресурстарының тобы	Құрамына кіретін негізгі элементтер
1	Меншікті және оған теңестірілген қаражаттар	Меншікті және оған теңестірілген қаражаттар
2	Қаржы нарығында жұмылдырылатын ресурстар	- Акциялар сату - Облигациялар және басқа да бағалы қағаздар - Несие инвестициялары
3	Қайта бөліну тәртібімен түсетін ресурстар	Қайта бөліну тәртібімен түсетін ресурстар
<i>Ескерту: кесте [10] әдебиет негізінде құрастырылды.</i>		

Қаржы ресурстарын пайдалану ұйымдар тарапынан көптеген бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі негізгілері мыналар:

- Қаржы-банктік жүйе органдарына төлемдер жасау, бұл қаржылық міндеттемелерді орындаумен байланысты. Бұған мыналар жатады: бюджетке салық төлемдері, несиелерді пайдаланғаны үшін банктерге пайыз төлеу, бұрын алынған қарыздарды өтеу, сақтандыру жарналары және т.б.;

- Меншікті қаражаттарды күрделі салымдарға инвестициялау, бұл өндірісті кеңейтуге, оны техникалық жаңартуға, жаңа прогрессивті технологияларға көшуге бағытталады;

- Қаржы ресурстарын бағалы қағаздарға инвестициялау, яғни нарықта сатып алынатын акциялар мен облигациялар, сонымен қатар мемлекеттік бағалы қағаздар және т.б.;

- Қаржы ресурстарын ынталандыру және әлеуметтік сипаттағы ақша қорларын қалыптастыруға бағыттау;

- Қаржы ресурстарын қайырымдылық пен демеушілік мақсаттарға пайдалану.

Бүгінгі күнге цифрлық экономика, венчурлік капитал, краудфандинг (ұжымдық қаржыландыру), ESG-инвестициялар және криптовалюта нарығы сияқты жаңа құралдар қаржы ресурстарының балама көздері ретінде кең дамып жатыр. Бұл қаржы көздері дәстүрлі қаржы көздерімен қатар, әсіресе шағын және орта бизнес үшін маңызды рөл атқара бастады. Жаңа технологиялар арқылы қаржыландыру механизмдері икемді, жедел әрі қолжетімді бола түсті.

Қазақстан Республикасында қаржы ресурстарының қалыптасуына мемлекеттік саясат, салықтық саясат, «Самұрық-Қазына» сияқты ірі квазимемлекеттік құрылымдардың ықпалы зор. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне арналған мемлекеттік бағдарламалар – мысалы, «Даму» қоры арқылы несиелендіру, – қаржы ресурстарына қолжетімділікті арттыруда маңызды рөл атқарады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кәсіпорынның қаржылық ресурстары нарықтық экономика жағдайында тиімді қызмет етудің негізгі факторы болып табылады.

Қаржылық ресурстарды тиімді қалыптастыру және басқару:

- кәсіпорынның тұрақтылығы мен төлемқабілеттілігін қамтамасыз етеді;
- нарықтық құнын арттырады;
- тәуекелдер мен шығындарды азайтады;
- ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті сақтайды.

Қаржы ресурстарын басқарудың тиімділігі ұйымның тұрақты дамуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан қаржы көздерін әртараптандыру, цифрлық технологияларды енгізу және мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану – қазіргі заманғы кәсіпорындардың басымдыққа ие бағыттарының бірі болуы тиіс.

Зерттеу нәтижелері қазақстандық кәсіпорындардың қаржылық стратегиясын жетілдіруге және олардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға пайдаланылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сердюкова Е.В., Сердюков В.А.: *Финансы предприятий. Учебное пособие.* / Е.В. Сердюкова, В.А. Сердюков Издательство: Российская Академия предпринимательства, 2008 г. -160 с.
2. Балабанов И.Т. *Основы финансового менеджмента. Учебное пособие 2-е изд., доп. и перераб.* / И.Т. Балабанов - М.: Финансы и статистика., 2009. - 512 с.
3. Герасименко А. *Финансовый менеджмент - это просто: Базовый курс для руководителей и начинающих специалистов.* / А.Герасименко М.: Альпина Паблишер, 2021, 480 с.
4. Ковалев В.В. *Финансовый менеджмент: теория и практика. Учебник* / В.В. Ковалев. – М.: «Проспект», 2007. – 1024 с.
5. Бирманн Л.А. *Общий менеджмент. - Учебное пособие.* / Л.А. Бирманн М.: Финансы и статистика, 2013. – 158 с.
6. Романовский, М.В. *Корпоративные финансы: учебник для вузов* / М.В. Романовский, А. Вострокнутова. - СПб. Питер, 2011. — 592 с.
7. Павлова, Л.Н. *Финансовый менеджмент: учебник* / Л.Н. Павлова.— 2-е изд., перераб. и доп. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015 – 275 с.
8. Бланк, И.А. *Основы финансового менеджмента: в 2 т.* / И.А. Бланк. – 4-е изд., стер. – М.: Омега-Л., 2012.
9. Молдован А.А. *Финансовые ресурсы предприятия.*// *Международный журнал прикладных наук и технологий «Integral»* №4 2018 г. – С.329-333.
10. Зайцева И.А. *Финансовые ресурсы предприятия.*//*Московский экономический журнал* №2, 2019 г. - С.527-530.

References

1. Serdyukova E.V., Serdyukov V.A.: *Finansy predpriyatii. Uchebnoe posobie.* / E.V. Serdyukova, V.A. Serdyukov Izdatelstvo: Rossiiskaya Akademiya predprinimatelstva, 2008 g.- 160 s.
2. Balabanov I.T. *Osnovy finansovogo menedjmenta. Uchebnoe posobie 2-e izd., dop. i pererab.* / I.T. Balabanov - M.: Finansy i statistika., 2009. - 512 s.
3. Gerasimenko A. *Finansovyi menedjment - eto prosto: Bazovyi kurs dlya rukovoditelei i nachinayuyiich spetsialistov.* / A.Gerasimenko M.: Alpina Pablišer, 2021, 480 s.
4. Kovalev V.V. *Finansovyi menedjment: teoriya i praktika. Uchebnik.* / V.V. Kovalev. - M.: «Prospekt», 2007. – 1024 s.

5. Birmann L.A. *Obuçii menedjment. - Uchebnoe posobie.* / L.A. Birmann M.: Finansy i statistika., 2013. – 158 s.
6. Romanovskii, M.V. *Korporativnye finansy: uchebnik dlya vuzov* / M.V. Romanovskii, A.Vostroknutova. - SPb. Piter, 2011. – 592 s.
7. Pavlova, L.N. *Finansovyi menedjment: uchebnik* / L.N. Pavlova .– 2-e izd., pererab. i dop. — M.: YUNITI-DANA, 2015.– 275 s.
8. Blank, I.A. *Osnovy finansovogo menedjmenta: v 2 t.* / I.A.Blank. – 4-e izd., ster. – M.: Omega-L, 2012.
9. Moldovan A.A. *Finansovye resursy predpriyatiya.*// *Mejdunarodnyi jurnal prikladnyh nauk i tehnologii «Integral».* №4, 2018 g. – S.329-333.
10. Zaitseva I.A. *Finansovye resursy predpriyatiya.*//*Moskovskii ekonomicheskii jurnal.* №2 2019 g. - S.527-530

МРНТИ 06.39.02

10.51889/3078-8579.2025.85.3.002

А.М. Сапарбаева ¹

¹ Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚР ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің инновациялық қызметтері жан-жақты талданады. Зерттеудің мақсаты – банктік саладағы заманауи технологияларды қолдану деңгейін, олардың тиімділігін және қаржы жүйесіне ықпалын анықтау. Инновациялық қызметтерге интернет және мобильді банкинг, цифрлық төлем жүйелері, биометрикалық аутентификация, жасанды интеллект негізіндегі қызметтер және блокчейн технологияларын енгізу жатады. Қаржы секторы – экономиканың маңызды бөлігі болып табылады, ал банк жүйесінің тұрақты дамуы мен жаңаруы елдің қаржылық қауіпсіздігі мен халыққа көрсетілетін қызмет сапасына тікелей әсер етеді. Заманауи технологиялардың дамуына байланысты банктердің дәстүрлі қызметтері өзгеріп, жаңа инновациялық өнімдер мен қызмет түрлері пайда болуда. Атап айтқанда, мобильді банкинг, онлайн төлем жүйелері, цифрлық банкинг платформалары, жасанды интеллектке негізделген қызметтер және биометриялық сәйкестендіру жүйелері кеңінен енгізілуде.

Мақалада отандық банктердің инновациялық даму үдерісі, шетелдік тәжірибемен салыстыру, сондай-ақ бұл қызметтердің клиенттер мен банк жүйесі үшін артықшылықтары мен мәселелері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері бойынша екінші деңгейдегі банктердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновацияның маңызы зор екені анықталды. Сонымен қатар, цифрлық трансформацияны одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: екінші деңгейдегі банктер, инновациялық қызметтер, цифрлық банкинг, мобильді банкинг, онлайн төлемдер, жасанды интеллект, биометриялық жүйелер, қаржылық технологиялар.